

«Абайдың «Жидебай-Бөрілі»
мемлекеттік тарихи-мәдени және
әдеби-мемориалдық музей-қорығы»
«05» « 01 » 2025 жылғы № 2118
бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Мәдениет комитетінің «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және
әдеби-мемориалдық музей-қорығы» РМҚК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық музей-қорығы» РМҚК (бұдан әрі кәсіпорын) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10- бабына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін ұсынымдық сипатта болады.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың әзірлеушісі - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы» РМҚК
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қоғамдық қатынастардың окшауланған саласы үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеуге бағытталған.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу міндеттері:
 - 4.1. Қоғамдық қатынастардың окшауланған саласында жұмыс істейтін адамдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;
 - 4.2. Сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу;
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың қағидаттары:
 - заңдылық;
 - ашықтық;
 - әдептілік;
 - жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
 - мүдделер қақтығысын болдырмау;
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар белгіленген қағидаларды мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың окшауланған саласында жұмыс істейтін адамдардың іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың негізінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-қимылдар:
 - 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;
 - 2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді даярлау және қабылдау;
 - 3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;

4) тыныс-тіршіліктің тиісті саласының ерекшелігіне қарай өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастарға қолданылмайды.

2. Қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлық (іс-қимыл) кагидалары

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын және өзге де нормативтік актілерді басшылыққа алуға міндетті;
2. Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;
3. адал, әділ, қаранайым болуға, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, сыпайылық пен әдептілік танытуға;
4. жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге міндетті;
5. өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудатауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға міндетті;
6. жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға тиіс;
7. шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;
8. жасағаны үшін заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермеуге;
9. еңбек режимі мен жағдайларының сақталуын қамтамасыз ету;

9. Мемлекеттік қызметтер және өзге де рұқсат беру функцияларын көрсету кезінде:

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдауға міндетті;
2. Көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсынуға міндетті;
3. Көзделмеген құжаттарды талап етуге жол бермеуге, сол сияқты мемлекеттік қызметтер мен өзге де рұқсат беру функцияларын көрсету барысында қағазбастылықтан (төрешілдіктен) барынша аулақ болуға тиіс;
4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеу кезінде басшылыққа баяндау;
5. Мемлекеттік қызметтер көрсету процесін, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде үнемділік пен тиімділікті тұрақты жетілдіруді қамтамасыз етуге міндетті.

10. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде лауазымды тұлғаларға:

1. Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;
2. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беруге міндетті;
3. Мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етуге міндетті;
4. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
5. Атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Бұрышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеуге міндетті.

11. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке басының мүддесінің туындағаны туралы, Сыбайлас жемқорлық мінез- құлыққа және сыйлықтар алуға көндіру туралы тікелей немесе тікелей басшыға баяндауға;
2. Жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға тиіс;
3. Әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды адамдарға лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып мүлдітік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін сыйлықтар бермеуге және қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;
5. Өздеріне мәлім болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды тездетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу не болмаса әуре-сарсаңға салу туралы басшылыққа дереу баяндауға міндетті;
6. Орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы тікелей басшысына жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндетті;
7. Егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшыға жүгіну қажет;
8. Кірістер алумен байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге көмек көрсетуден бас тартуға құқығы бар.

12. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау кезінде:

1. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау мен талқылауға жұртшылықтың, бұқаралық ақпарат құралдарының міндетті түрде қатысуын қамтамасыз етуге міндетті;
2. Өзірленген нормативтік құқықтық актілердің жобалары мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберілгенге дейін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында жария талқылау үшін орналастырылсын;
3. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды пайдаланбауға міндетті.

13. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде:

1. Тағайындау материалдарын қараудың белгіленген мерзімдерін сақтауға міндетті;
2. Жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды тұлғаларға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіруге міндетті;
3. Кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті;
4. Мемлекеттік қызметшілердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;
5. Қызметке/жұмысқа кандидаттардан еңбек шартын жасасу үшін қатысы жоқ құжаттарды талап етпеуге;
6. Жұмыскерлерге қатысты қызметтік тергеп-тексерулерді объективті және жан-жақты жүргізуге міндетті.

14. Өмір сүру саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын басқа қатынастар кезінде:

1. Бағынысты лауазымды тұлғалардың қызметтік өкілеттіктерінің міндеттері мен көлемін нақты және нақты айқындау;
2. Қарамағындағы лауазымды тұлғалар арасында еңбек жүктемесін біркелкі бөлмеуге жол бермеу;
3. Олардың қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытуға міндетті;

4. Бағынысты қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік, орынсыз мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге тиіс;
5. Нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеуге;
6. Қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбауға;
7. Қарамағындағы қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;
8. Өріптестердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауы барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша түбегейлі шараларды уақтылы қабылдауға;
9. Мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге, автокөлік құралдарын қоса алғанда, меншікті қызметтік мақсаттарда ұтымды, тиімді пайдалануға міндетті.